

ӘОЖ 81'271; 82.085; 808.5

Г.А. Машинбаева

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, ф. ғ. к.,
Алматы қ., Қазақстан
e-mail: gulnaznuki@mail.ru

Ақпараттық бағдарламалар тіліндегі саяси эвфемизмдер

Мақала қазіргі тіл білімін зерттеу саласындағы өзекті бағыттардың бірі БАҚ құралдарының тілін талдауға арналады. Автор еліміздегі мемлекеттік және тәуелсіз арналардан беріліп жүрген ақпараттық, ақпараттық сараптамалық бағдарламалардың мәтіндерінде кездесетін саяси эвфемизмдердің БАҚ тілінің ауқымды бір бөлігін құрайтындығын айта келе, олардың қолданыстағы мағынасын талдап көрсетеді. Мақалада саяси эвфемизмдерді теледидар тілінің негізгі ерекшеліктерінің бірі етіп көрсетеді және мысалдар арқылы саяси эвфемизмдердің БАҚ тіліндегі синонимдік қатарын көрсетуге тырысады. Сондай-ақ мақалада ақпаратты көрерменге тікелей жеткізу мәтіндерінде саяси эвфемизмдер бұқара халықты үрейлендірмеу, қандай да бір оқиғаны жеңілдетіп жеткізу, оқырманға оқиға туралы оң баға беру функцияларын атқаратынын айтады.

Сондай-ақ автор, ақпарат құралдарының тілінде қолданылатын саяси эвфемизмдер бұл – тіл мәдениетін, сөйлеу мәдениетін көтеруге септігін тигізеді, тілді әдеппен жұмсай білуге үйретеді және газет бағаналарындағы эвфемистік формалардың әлеуметтік сипаты басым болады деп есептейді. Мақалада газет публицистика тіліндегі эвфемизмдердің әлеуметтік сипатымен ерекшеленетінін, сөздің эвфемистік мағынасын да тілдің «өз ішінде» ғана емес, тілдік ұжымның этикалық-моральдық, дүниетанымдық ерекшелігімен, экономикалық, қоғамдық-саяси өмірімен байланыстыра қарау құбылыстың мәнін айқындай түсетіндігін айтады және эвфемизм сөздің ұғым-түсінігін сыпайылап әдемілеп, ұштап тілдік құбылыстардың ерекше стильдік қызметте жұмсалыуына себепші болады.

Түйін сөздер: қоғамдық саяси лексика, саяси эвфемизмдер, ақпарат, ақпаратты қабылдаушы, БАҚ тілі.

Г.А. Машинбаева

Политические эвфемизмы в языке информационных программ

В статье рассматриваются основные направления современного языкознания в области исследования языковых средств масс-медиа. Автор на материале текстов государственных и независимых информационных и информационно-аналитических программ, а также газет и журналов, исследует политические эвфемизмы языка СМИ, их значения и смысл, применяемые в различных контекстах. Также в статье исследуются особенности использования политических эвфемизмов в языке телевизионных передач, приводятся примеры политических эвфемизмов СМИ, и на их основе строятся синонимические ряды. Изучены методы воздействия на массовое сознание телезрителей посредством использования политических эвфемизмов, а также функции языка СМИ, рассмотрены виды многозначного прочтения текстов и осознания.

Таким образом, широкие возможности использования политических эвфемизмов свидетельствуют о высоком уровне языка культуры, о развитии разговорного жанра в публицистике и языке СМИ. Автор анализирует методы исследования печатного слова, социальный характер статей, формирование массового сознания посредством СМИ. В статье исследуются особенности периодики, эвфемистическое значение слов и выражений, используемых в публицистике, морально-этическое значение слов и выражений, характер общественно-политического влияния СМИ. Автор анализирует взаимосвязь языка СМИ и экономического и социального состояния государства, определяет границы использования политических эвфемизмов и развития общественного мнения.

В заключении автор статьи приходит к выводу, что использование эвфемизмов, как в художественных текстах, так и в языке масс-медиа, свидетельствует, во-первых, о богатстве языка, во-вторых, о постоянном повышении и разностороннем развитии культурного мировоззрения народа.

Ключевые слова: общественная политическая лексика, политические эвфемизмы, информация, рецензент, язык СМИ.

The political euphemisms in the language of information programs

This article discusses the main directions of modern linguistics in the study of the language of mass media. Author on the material of different informational texts of the state and independent analytical programs, and also newspapers and magazines, investigates political euphemisms of the mass media language, their meaning and the sense used in various contexts. The article also examines the using of particular political euphemisms in the language of television programs, political euphemisms in the language of mass media, and built synonymous lines based on these examples. Methods of impact on mass consciousness of TV viewers by means of using the political

euphemisms, and also function of the mass media language are considered, the possibility of pressure upon public opinion, types of multiple-valued reading of the texts and their understanding are studied.

Thus, extensive using of political euphemisms indicates the high level of the culture language, the development of the colloquial genre in journalism and the mass media language. The author analyzes the research methods of the periodicals, the social character of articles, and formation of the mass consciousness through the media. The article examines the particular periodicals, euphemistic meaning of words and expressions used in journalism, moral and ethical meaning of words and expressions, and the nature of social and political influence of the media. The author analyzes the relationship between the language of media and the economic and social condition of the state, defines the boundaries of the using of euphemisms and political development of public opinion.

At the end, author concludes that the using of euphemisms, as in literary texts and language of the media, shows, first, the richness of language, and secondly, the continuous improvement and diversifying of the cultural outlook of people.

Key words: public political lexicon, political euphemism, information, recipient, the language of mass media.

Грушиннің пікірінше: «Ақпарат дегеніміз – бұл белгілі бір объектінің немесе оқиғаның жай-күйі туралы ақпарат алушының білімінің белгісіздігін жоюдың амалы» [1,5].

Журналист құнды материалды, яғни ақпаратты құқықтық, саяси, эстетикалық, діни, этикалық, көркем қызметтегі бағыттардан алады. Бұл құнды категориялар қоғамда жасалады. Журналист оны мәніне, халқына, сұранысына қарай нақты факті ретінде қолданады. Ол ақпарат жасау барысында қалың аудитория мүмкіншілігін ескереді. Бұл – басты шарт. Ол өз материалын қарапайым ауызекі сөйлеу тілімен құрастырғанның өзінде «өліп қалды», «соғыс басталды», «өртеніп кетті», «атып кетті», «түрмеге түсті», «бандит», «қарақшы» деудің орнына бүркемелеп, басқаша атайды. Мысалы: «өліп қалды» – «қаза тапты», «соғыс басталды» – «дүмпу болды», «бас көтерді». Сөздерді бұлай қолдануды қазіргі қазақ тілінде саяси эвфемизмдер деп атайды.

Эвфемия құбылысы мен табу өзара тығыз байланысты. Әдетте табу дегеніміз – әлдеқандай себептермен (наным-сенім, саяси, әкімшілік, т.б.) тыйым салынған атаулардың басқаша сөзбен аталуы, ауыстырылуы. Адамның өзге де заттар мен құбылыстардың аттарын өз атымен атамай, басқаша ат беру ең алдымен ерте замандағы мифологиялық ойлаудың формасымен тығыз байланысты.

Қазақ тіліндегі табу мен эвфемизмдердің тілдік табиғатын зерттеуге арналған Ә. Ахметовтың «Қазақ тіліндегі табу мен эвфемизмдер» [2, 305], азербайжан тіліндегі табу мен эвфемизм құбылысына арналған Х.М. Джаббаровтың «Табу и эвфемизмы в азербайджанском языке» [3, 27], Н. Исмагуллаевтың «Эвфемизмы в современном узбекском языке» [4, 153] деген еңбектерін, И.Л. Циртаутастың «К вопросу о табу и эвфемизмах в казахском, киргизском, узбекском языках» [5, 23-31], Ш.Ч. Саттың

«Табу и эвфемизмы в тубинском языке» мақалаларын [6, 42-45 бб.] атап айтуға болады.

Эвфемизмнің тұрақты белгілері, біріншіден, тыйым салынған сөздерді (мифологиялық, діни, саяси, әкімшілік, идеологиялық, т.б.) басқа атаулармен ауыстыру, екіншіден, белгілі бір тілдік ұжымда айтуға ұят саналатын сөздерді (кейбір дене мүшелері, жыныстық қатынасқа байланысты атаулар, физиологиялық зат алмасумен байланысты атаулар, т.б.), үшіншіден, сөйлеуші ұғымында, түсінігінде «дөрекі», «әдептілікке» жатпайды-ау деген сөздерді басқаша сөздермен (қарапайым лексика) ауыстыру, төртіншіден, тыңдаушыға «жайлы», «жағымды» болып көрінетін сөздерді таңдау, талғау. Міне, бұл аталғандарды эвфемизмдердің тұрақты белгілері деп атауға болады. Қоғамдық сананың өзгерілуі, мысалы, мифологиялық ойлау жүйесінің орнына прагматикалық ойлаудың басым сипатқа ие болуы, сондай-ақ діни сананың орнына ғылыми сананың орнығуы эвфемизмдердің өзгеруіне, ескіруіне, жаңарып-жаңғырып отыруына қатты әсер ететін фактор екені сөзсіз. Сондай-ақ эвфемизмдердің мағыналық-семантикалық тұрғыдан бірде көнеріп, бірде жаңарып отыратын ерекшелігі ең алдымен қоғамның әлеуметтік құрылымындағы өзгерістермен де тығыз байланысты.

Эвфемизмдер – тілдің сөздік құрамын байытады, синонимдік қатарын көбейтеді;

– функционалдық-стильдік айырымдарды тереңдетеді;

– тіл мәдениетін, адамның жеке мәдениетін қалыптастыруға әсер етеді;

– сөз этикеті нормаларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Міне, бұл айтылғандар эвфемия құбылысын екі өлшемде – жан-жақты және тереңдете зерттеудің өзектілігін көрсетеді.

Әдеттегі эвфемизмдер жеке адамдар арасындағы коммуникативтік қолайсыздықты бол-

дырмауды көздейді де, жеке бастық қатынасқа тән сипатқа ие болады. Ал телеақпараттық хабарлардағы эвфемистік формалардың әлеуметтік сипаты басым болады. Мысалы, жеке коммуниканттар арасында адресатқа «*еңбек ардагері*», «*құрметті демалыстағы адам*», «*зейнеткер*», «*қария*» деп сөйлеу *пензионер* деуден әлдеқайда сыпайы форма болып табылады.

Ақпараттық хабарлар тілінде, әсіресе, мемлекеттің сыртқы, ішкі саясаты, экономиканың әлеуметтік саласындағы саясат, қауіпсіздік, құқық қорғау, т.б. салалар эвфемизациялаудың объектісі болып табылады. Әдетте, жеке бастық қатынаста әлеуметтік қатынаста болсын, адамның психологиялық күйіне ауыр тиетін кейбір сөздер эвфемистік форманы қажет етеді. Мысалы, қылмыстық атаулармен байланысты көптеген сөздер эвфемизмдердің қатарында қаралып жүр. *Түрме, қамау* тәрізді көрермен психологиясына қолайсыз әсер тудыратын сөздер арнайы сөздермен бүркемеленіп беріледі. Яғни телеарналардан көрсетілетін бағдарламаларда журналистер *қамау, қамауға алу, түрмеге отырғызу, абақтыға жабу* сияқты нақты номинатив терминдерді көрермен алдында қолданудан қашқақтайды. Олар көрерменге психологиялық жағымсыз әсер қалдыратын атауларды өз тілдеріндегі арнаулы терминдермен атайды.

Отырғандардың тәртібі жақсы болса, күніне 2-3 сағат таза ауаға шығарылады («Хабар», «Талап пен тәртіп», 21.10.05).

Өмір бойы бас бостандығынан айрылғандар үшін арнайы камералар салуды біздің еліміз Ресеймен ақылдаспақшы («Хабар», «Талап пен тәртіп», 21.10.05).

Рақымишылыққа ілігу үшін қойылатын басты шарт олардың жасаған қылмысы ауыр қылмыс болмау керек («Қазақстан», 01.11.05).

Осы мысалдардағы қамалғандар сөзінің эвфемистік сипатын беретін қатар: «*отырғандар*», «*бас бостандығынан айрылғандар*» тіркестері арқылы «*ұрды*», «*ұрлады*», «*соқты*», «*ұрлықшы*», т.б. жағымсыз реңктегі қылмыстық атаулар бүркемеленіп қолданылған. Сөйлемде *түрмеден олардың қылмысы жеңіл болса шығарады* деуден гөрі «*рақымишылыққа ілігу үшін*» тіркесі сияқты саяси эвфемизмдер қазіргі теледидар тілінде кеңінен қолданылады.

Сондай-ақ «*салық төлеуден қашты*», «*адам өлтіргенді*» немесе «*ұрлықшыларды ұстады*», «*ұрланған ақша*», т.б. қылмыстық істерді тура мағынасында қолдану қай көрерменді болса да

жалықтырады. Мысалы *суыққолды болған қаржылар, қымқырған қаржы, жемқорлыққа бой алдырған – пара алған* деген эвфемистік форманың «*ұрланған*» деген формасын адресат қиындықсыз түсінеді.

Бірақ кейбір ақпарат таратушы агенттіктерінің хабарлауына, биліктен кеткен шенеуніктердің көбі жемқорлыққа бой алдырған («Қазақстан», С. Дауылбай, 13.12.05).

Жемқорлықтан бірінші орын полиция қызметкерлері болып отыр. Одан кейін қара тізімде жол полициясы мен өрт орталығы екен («Хабар», Арман Балтабайұлы).

Мемлекеттік басқару жүйесі, оған қызмет ететін идеологиялық аппараттардың қоғамдағы гуманизмге жат қатігездік іс-әрекеттерін анық айтудан, жалтарумен байланысты *бүркеме эвфемизмдер* қолданылады. Ондай іс-әрекеттерді өз атымен атау үрей шақырып, қорқыныш тудырады. Сондықтан үрей, қорқыныш, қолайсыздық туғызатын атауларды эвфемизмдермен бүркемелеу негізін іс-әрекетті былайғы жұрттан жасырын күпия органдарда, аппараттарда, мекемелерде жиі қолданылады.

Бұл мәселенің анық-қанығы анықталған соң, құзырлы орындар арнайы шешім қабылдайды (Арман Балтабайұлы, 18.11.05).

Билік басына жаңа адамдар келгенімен билік келбеті өзгерген жоқ (Арман Балтабайұлы, 18.11.05).

Көлік иесі техникалық қызмет көрсету орнына жол полициясына немесе басқа да құзырлы мекемеден анықтама қағазын әкелуі керек («Информбюро», Д. Қонысбек, Солтүстік Қазақстан облысы, 31.10.05).

Мұндағы «*билік басы*», «*құзырлы орындар*», «*құзырлы мекемеден*» сияқты мемлекеттік орындар атауларын журналистер сөздік қайталауларға жол бермеу мақсатында қолданған. Осы мысалдарға ұқсас журналистер қызмет, мамандық атауларын да халыққа қарапайым тілмен түсінікті етіп жеткізуге талпынады.

Ал «қарға қарғаның көзін шұқымайды» демекші, алатаяқтылар бұл іске немқұрайлы қарады («КТК», «Күндерек», Кенже Жұман).

Оқиганың болған жеріне келген тәртіп сақшылары істі лезде тындырды («КТК», «Күндерек», Жазира Бегалы).

Президент қалам тербегендерге ел қамын ойлауды тапсырды («Рахат» арнасы, Кенже Жұманұлы, 21.04.05).

Бұл мысалдардағы «*алатаяқтылар*» – МАИ қызметкерлері, «*тәртіп сақшылары*», «*құқық сақшысы*» – полиция қызметкерлері, «*қалам*

тербегендер» – жазушылар деген мағынаны білдіреді.

Теледидар хабарларында жиі кездесетін «*атқамінер мырзалар*», «*депутат мырзалар*», «*билік басындағылар*» тәрізді, яғни ақпараттың нақтылығы жоқ, ешкімнің аты-жөні айтылмайтын сөз топтарын әмбебап штамптар деп атадық. Штамптың соңғы типін қолданушылар әлдекімді сынаған болып, шындыққа ара түскен болып, белгісіз біреудің көлеңкесімен күресіп жүреді.

Жоғарыда айтылған перифраз штамптар, әмбебап штамптар ақиқатты боямалап көрсетудің, шындықты бүркемелеудің, ақиқатты айналып өтудің эвфемистік формалары. Субъект (сөз иесі) белгілі бір мақсатпен, себептермен ақиқатты тура айтпай, айналып өтеді немесе шындықты бүркемелейді. Яғни, ақиқат шындық (денотат) табуға айналады. Ал жоғарыда сөз болған перифраз штамптар, жылтырақ штамптар, әмбебап штамптар сол табудың эвфемистік субституттары болып табылады.

Кейбір басшылар құр шөппен ауыз сүртіп, ел ахуалын түзеген сыңай танытады.

Бұл мәселенің нақты түйіні – билік басындағылардың шешімінде болса керек.

Елбасының Жолдауын жоғары бағалаған депутат мырзалар ауыл-ауылға үлкен жауапкершілік арқалап қайтты.

Сондай-ақ бағалауыш мәнде қолданылатын тіркестер теледидарлық хабар тілінде көп кездеседі. Қоғам өміріндегі кез келген құбылыс әлеуметтік-идеологиялық бағалаудың нысаны бола алады. «Бағалау дегеніміз = *тіл + ойлау + шындық немесе ақиқат (реальды өмір)* трихотомиясының нәтижесі болса, ал бағалаудың семантикалық категориясына бағалауыштық жатады. Сондықтан да баға – адам санасында үнемі тоқтаусыз жүріп жататын процесс және ол адамның ойлау қабілеті арқылы іске асатын интеллектуальды-психикалық акт болып табылады» [7,63 б.]. «Атқамінерлер», «ат төбеліндей шенеуніктер», «ұлықтар», «ортан қол шенеунік» тіркестері негативті әлеуметтік-бағалауыштық мәнде, ал «іс басында отырғандар», «лауазым иесі», «төменгі шенеуніктер» – позитивті әлеуметтік-бағалауыш мәнде қолданылатын тіркестер болып саналады.

Бұл істің мән-жайын шешуде ауыл атқамінерлері де дәрменсіз болып шықты («Қазақстан», «Елден хабар», Ә. Шаймерден).

Ат төбеліндей шенеуніктердің халық мүддесіне тиіп-қашып қарайтыны көңілге кірбің ұялатады («31 арна», «Информбюро», Шынар).

Ұлықтар Астанаға көшуден неге қашқайды? Астананың суығынан ба екен, әлде оңтүстік астананың той-думанын қимай ма?

Мерзімді баспасөз, теледидар, радио хабарлары тілінде жиі жұмсалатын, тұрақты қолданылатын сөз орамдарының ерекше түрі бар. Олар – эвфемистік перифраздар. Олардың біразы мына тәрізді: «*қанатты металл*» – *алюминий*, «*қара алтын*» – *мұнай*, «*ақ алтын*» – *мақта*, «*ақ ұлпа*» – *қар*, «*дала аруы*» – *жүгері*, «*теңіз алыптары*» – *киттер*, «*қыр баласы*» – *ауыл баласы*, «*солтүстік еркелері*» – *страустар*, «*алла үйі*» – *мешиіт*, «*саналы сандық*» – *компьютер*, «*темір тұлпар*» – *машина*, «*Алтайдың ар жағынан келген қандастар*» – *оралмандар*, түрме т.б.

Австралияның оңтүстігінде теңіз алыптары (киттер) қырылуда («Хабар», 25.10.05).

Онсыз да ата-баба тәжірибесінен білетін қыр баласы осы кәсіптен мол пайда табамын деп ойлайды («Елден хабар», М. Баймолда, 10.11.05).

Қария қолындағы қанаттылардың қатерден аман екеніне сенімді («НТК», 1.11.05).

Ауыл қара домалақтары кешкісін жарпазан айтуға шықты («НТК»).

Темір тұлпарды ерттеп мінген Гуля апай мұнсыз жұмыс бітпейді дейді («Хабар», Руслан Оспанов, 08.03.05).

Күнкөріс үшін осы ауыр темірді қолға алдық дейді әйелдер қауымы («Астана», «Осы сағатта», 14.04.06).

Кей аудандарда ақ ұлпаның қалыңдығы бір метрге жеткен екен («Оңтүстік астана», Данияр Меңлібеков, 24.12.04).

Бұл мысалдардағы эвфемистік перифраз сөздердің лингвистикалық дәрежесі осы күнге дейін анық емес. Лингвистикалық зерттеулерде бұл *газети фразеологизмдер, перифраздар, газети стандарттар, газети штамптар* әртүрлі аталып жүр. Кейбір зерттеулерде перифраздар «*көркем перифраздар*» және «*штамп перифраздар*» делініп, парқы ажыратылып қарастырылып жүр. Саяси-әлеуметтік іс-шараларды нақты атамай, жалпылап жеткізу де ақпараттық хабарлардың үрдісіне айналған. Осындай сөздер теледидар лексикасының бір бөлігін құрайды.

Президент журналистердің сайлау алды науқанында журналистік этиканы сақтауға шақырды (Арман Балтабайұлы, «Хабар», 21.10.05).

Бүгін Азербайжан елінде үгіт-насихат науқаны аяқталды («Қазақстан» С. Дауылбай, 04.11.05).

Төрағаның сөзіне қарағанда қол жинау науқанында бірқатар заң бұзу оқиғалары да тіркелген («Қазақстан», М. Тұрмағамбетов, 26.10.05).

Саяси науқан жақындағалы бері Путиннің төбесі көріне қоймаған соң, ол ойын ақи-тақи паш етті («Мезгіл», 24.04.04).

Бірақ қоғамда ол дәл шешімін таппай, басы ашық мәселе ретінде қалып қойды.

Үкімет елдегі бұл игілікті істерді қалтасынан қаржыландырып отыр (Арман Балтабайұлы, 16.11.05).

Кәсіпорын болса Нұралыға көмек қолын созудан бас тартып отыр екен.

«Сайлау алды науқаны», «қол жинау», «саяси науқан» – сайлау мәселесіне қатысты, «бір үстел басына жинау» – жиналыс өткізу, «басы ашық мәселе» – белгілі мәселе, «қал-

тасынан қаржыландырып» – бюджеттен төлеп отыр, «көмек қолын созудан» – көмектесуден деген мағынаны білдіреді.

Ақпараттық хабар тілінің басым бөлігін саяси эвфемизмдер құрайды. Мұның басты себебі, саяси қоғам, халық өмірінде болып жатқан әлеуметтік мәселелерді бағалаушылық мәнде жеткізу, екіншіден, қоғамда болып жатқан қылмыстық істер, кереғар қылықтарды халық санасына ишараттап беру, үшіншіден, журналистердің уақыт үту мақсатында дайын қалыптарды қолдануы. Алғашқы аталған екеуі кейде жаңа ұғымдар туындатып, байыптап, дамытуға әрекет жасаса, үшіншісі, керісінше, тілдің дамуына кедергі жасайды. Қоғамдық өмірдің әр алуан саласына тән терминдер, номенклатуралық атаулардың эвфемизмге айналуы тележурналистердің меншігінде.

Әдебиеттер

- 1 Грушин Б.А. Массовое сознание: Опыт определения и проблемы исслед. – М.: Политиздат, 1987. – 367 с.
- 2 Ахметов Ә. Қазақ тіліндегі табу мен эвфемизмдер. – Алматы: Мектеп, 1995. – 305 б.
- 3 Джаббаров Х.М. Табу и эвфемизмы в азербайджанском языке: Автореф. дис. канд. филол. наук: 10.02.06. – Баку, 1972. – 27 с.
- 4 Исмагуллаев Н. Эвфемизмы в современном узбекском языке. – Ташкент: Фан, 1964. – 153 с.
- 5 Циртаутас И. (Сиэтл, США) К вопросу о табу эвфемизмах в казахском, киргизском и узбекском языках // Советская тюркология. – 1976. – № 4. – С. 23-31.
- 6 Момынова Б. Қазақ газетіндегі қоғамдық-саяси лексика. – Алматы: Арыс, 1998. – 131 б.

References

- 1 Grushin B.A. Massovoye soznaniye: Opyt opredeleniya i problemy issled. – M.: Politizdat, 1987. – 367 s.
- 2 Akhmetov A. Қазақ тіліндегі табу мен эвфемизмдер. – Алматы: Мектеп, 1995. – 305 b.
- 3 Dzhabbarov Kh.M. Tabu i evfemizmy v azerbaydzhanskom yazyke: Avtoref. dis. kand. filol. nauk: 10.02.06. – Baku, 1972. – 27 s.
- 4 Ismatullayev N. Evfemizmy v sovremennom uzbekskom yazyke. – Tashkent: Fan, 1964. – 153 s.
- 5 Tsirtautas I. (Sietl, SShA) K voprosu o tabu evfemizmax v kazakhskom, kirgizskom i uzbekskom yazykakh // Sovetskaya tyurkologiya. – 1976. – № 4. – S. 23-31.
- 6 Momynova B. Қазақ газетіндегі қоғамдық-саяси лексика. – Алматы: Арыс, 1998. – 131 b.